

ӘР СЫНЫП БОЙЫНША ОҚУШЫЛАР САНЫНА ҚАРАЙ КӨБЕЙТІЛУІ КЕРЕК

Оқылым

9-сынып

1-тапсырма. Мәтінді оқып, алдымен төмендегі кестеге берілген мәтін үзінділерінің ретін жазыңыз, содан соң мәтіннен кейінгі тест тапсырмаларын орындаңыз.

1	В
2	
3	
4	
5	
6	

Әке мен бала

А) Қаланың шетінде темірші ұсталар бар екен, соған жеткен соң әкесі қайрылып, манағы тағаны соларға үш тиынға сатты. Одан біраз жер өткен соң, шие сатып отырғандардан ол үш тиынға бірталай шие сатып алды.

Ә) Бала әкесіне:

- Сынып қалған ескі тағаны алып неғылайын, - деді. Әкесі үндемеді, тағаны өзі иіліп алды да, жүре берді.

Б) Біраз жер өткен соң, әкесінің қолынан бір шие жерге түседі. Артында келе жатқан бала да тым-ақ қызығып келеді екен, жерге түскен шиені жалма-жан жерден біраз өткен соң және бір шие, сонымен әр жерде бір әкесінің қолынан түскен шиені он шақты рет иіліп, жерден алып жеді. Ең соңында әкесі тоқтап тұрып, баласына шиені орамалымен беріп тұрып айтты.

В) Бір адам он жасар баласын ертіп, егіннен жаяу келе жатса, жолда қалған аттың бір ескі тағасын көріп, баласына айтты:

- Анау тағаны, балам, ала жүр, - деп.

Г) - Көрдің бе, мана тағаны жамансынып жерден бір ғана иіліп көтеріп алуға еріндің, енді сол тағаға алған шиенің жерге түскенін аламын деп бір еңкеюдің орнына он еңкейдің. Мұнан былай есінде болсын: аз жұмысты қиынсынсаң – көп жұмысқа тап боласың; азға қанағат ете білмесең – көптен де құр боласың, - деді.

Д) Сонымен, шиені орамалына түйіп, шетінен өзі бірем-бірем алып жеп, баласына қарамай, аяңдап жүре берді.

1. Мәтіннен антонимдерді табыңыз.

- 1) ..., ...
- 2) ..., ...
- 3) ..., ...
- 4) ..., ...

2. Әңгіменің негізгі идеясы қай сөздерде берілген?

- a) - Көрдің бе, мана тағаны жамансынып жерден бір ғана иіліп көтеріп алуға еріндің, енді сол тағаға алған шиенің жерге түскенін аламын деп бір еңкеюдің орнына он еңкейдің
- b) - Сынып қалған ескі тағаны алып неғылайын.
- c) - Аз жұмысты қиынсынсаң – көп жұмысқа тап боласың; азға қанағат ете білмесең – көптен де құр боласың.
- d) - Анау тағаны, балам, ала жүр.

3. Баланың мінезі қандай?

- a) еңбекқор
- b) жалқау
- c) шапшаң
- d) шыдамды

4. Ыбырай Алтынсарин кім болған?

- a) зергер
- b) мұғалім
- c) ұста
- d) сазгер

5. Мәтінге сай мақалды көрсетіңіз.

- a) Дос жылатып айтады, дұшпан күлдіртіп айтады.
- b) Балалы үйдің ұрлығы жатпас
- c) Еңбексіз өмір жоқ, ауырсыз жеңіл жоқ.
- d) Сыйға сый, сыраға бал

2-тапсырма. Мәтінді оқып, тест тапсырмаларын орындаңыз.

Үлкенді сыйлау – қазақ халқының ата салты. Үлкенді сыйлау, ең алдымен, әке мен шешені сыйлаудан басталады. Өз отбасын, өз ата-анасын сыйламайтын ұл мен қыз басқа адамдарды да сыйлай алмайды. Ата-ана баланы дүниеге келтіріп, өмір береді, тәрбиелеп өсіреді, білім береді. Есейген бала ата-анаға қамқоршы болуға жараса – жігіт болғаны. Бала әкеден ақыл, анадан мейірім алады. Бірақ олардың ақылы, көпті көрген тәжірибесі отбасына үлкен көмегін тигізеді. Ол үшін ата-анамен ақылдасып, олардың пікірін тыңдап отыру керек. Ата-ананы сыйлаған жастардың өз балалары да кейін соны қайталайды. Ата-ана үйленген ұлдарына енші, ал тұрмысқа шыққан қыздарына жасау береді. Ата-ананың тәжірибесін бойға сіңіре білу – әр баланың парызы.

1. Мәтінде қазақ халқының қандай ата салты туралы айтылады?

- a) Сәлемдесу
- b) Қариядан ақыл сұрау
- c) Үлкенді сыйлау
- d) Арманына жету

2. Үлкенді сыйлау кімдерді сыйлаудан басталады?

- a) Ағаны сыйлау
- b) Ата мен әжені сыйлау
- c) Әке мен шешені сыйлау
- d) Қарындасты сыйлау

3. Мәтін бойынша, отбасында бала кіммен ақылдасуы керек?

- a) отбасындағы жасы кіші адамдармен
- b) ата - анамен
- c) ата - әжемен
- d) өзінен үлкен бауырларымен

4. Бала ержетіп, жеке үй болып, бөлек шыққанда ата-анасы беретін мал-мүлікті не деп атайды?

- a) жасау
- b) бас тарту
- c) қалжа
- d) енші

5. Тұрмысқа шыққан қыздарына ата-анасы не береді?

- a) жасау
- b) бас тарту
- c) сырға
- d) енші

6. Отбасындағы баланың негізгі парызы қандай екенін көрсетіңіз.

- a) Ата –ананың тәжірибесін бойына сіңіру
- b) Ата –ананың тәжірибесін ұмыту
- c) Ата –ананың тәжірибесін өмірде қолданбау
- d) Ата –ананың тәжірибесін бойына сіңірмеу

7. Баланың есейгендігінің белгісі не?

- a) үйленгені
- b) оқуға түскені
- c) бөлек тұрғаны
- d) ата-анаға қамқоршы болғаны

8. Бала әкеден қандай нәрсе алады?

- a) батылдық
- b) жігерлік
- c) ақыл
- d) қамқорлық

9. Бала анадан қандай нәрсе алады?

- a) қолөнер
- b) сұлулық
- c) ақыл
- d) мейірім

10. Мәтіннің мазмұнына қандай мақал сай келеді?

- a) Елін сүйер, сеніңіз, өз отбасын сүйе алған.
- b) Отбасына өрт салма.
- c) Ақылды қария – ағын дария.
- d) Атаның баласы болма, адамның баласы бол.